

**Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігінің  
Балалардың құқықтарын қорғау комитеті**

**Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат және мұрағат комитетінің**

**«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» АКЦИЯСЫН ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ  
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ**



Келісілді:  
Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат және мұрағат комитетінің  
Төрағасы  
\_\_\_\_\_ Б. Омаров  
2009 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Бекітілді:  
Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым вице-министрі  
\_\_\_\_\_ К. Шәмшидинова  
2009 жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

## **«Мектепке жол» республикалық акциясын өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдама**

### **I. Жалпы ережелер**

1.1. «Мектепке жол» республикалық акциясы Мемлекет басшысының оқушылардың мектепке толық баруын қамтамасыз ету туралы тапсырмасын орындау үшін өткізіледі.

### **II. Мақсаттар мен міндеттер**

2.1. Акцияның мақсаты оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ оқу жылының басына дайындық уақыты кезінде ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке балалардың келмеуінің алдын алу.

2.2. Акцияның міндеттері:

- мектеп жасындағы барлық балаларды орта біліммен қамту проблемаларына жұртшылықтың және тұрғын халықтың назарын аударту;
- міндетті орта білім алуға барлық азаматтардың құқығын қамтамасыз ету жөнінде ақпараттық және түсіндірме жұмыстарын жүргізу;
- оқымайтын немесе мектепке бармайтын мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу;
- мектептен «шығып кетуге», дәлелсіз себептермен сабақтарға қатыспауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау;
- міндетті жалпы орта біліммен қамтамасыз ету саласындағы білім беру органдарының қызметі туралы тұрғындарды хабардар ету;
- мектепке балаларды жинау бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларына көмек көрсету жөнінде нақты шараларды әзірлеу және оны іске асыру;
- жалпы оқыту проблемаларын шешуде және аз қамтамасыз етілген оқушыларға көмек көрсетуде ведомствоаралық іс-қимылды, сондай-ақ білім беру органдарының мемлекеттік емес құрылымдармен, оның ішінде қоғамдық, жекеменшік ұйымдармен және меценаттармен іс-қимылдарын жандандыру.

### **III. Акцияның ұйымдастырушылары**

3.1. Акцияның ұйымдастырушылары:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
- Балалардың құқықтарын қорғау комитеті
- Ақпарат және мұрағат комитеті
- Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары
- Балалардың құқықтарын қорғау департаменттері

3.2. Білім беру органдарының жанынан өңірлік және аудандық деңгейлерде балалардың құқықтарын қорғау, мәдениет және ақпарат органдарының және басқа да мүдделі ұйымдар мен мекемелердің қатысуымен акцияларды өткізу жөнінде ұйымдастыру комитеті құрылады.

### **IV. Акцияны өткізу орны мен уақыты**

4.1. Акция жылына бір рет 15 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында барлық типтегі және үлгідегі мектептерде, білім беру және балалардың құқықтарын қорғау органдарында, басқа да мекемелер мен ұйымдарда өткізіледі.

4.2. Акция үш кезеңде өткізіледі:

- 1) мектептік кезең (барлық типтегі және үлгідегі мектептерде);
- 2) аудандық, қалалық, облыстық, Астана және Алматы қалалық;
- 3) қорытынды-талдау.

4.3. Акцияның ресми ашылуы мен жабылуы аудандық, облыстық деңгейде стадиондарда, алаңдарда, спорт залдарда, мәдениет үйлерінде және т.б. көлемді іс-шаралар нысанында өткізіледі.

4.4. Акцияның басталуы мен аяқталуы облыс орталықтары мен Астана және Алматы қалаларында жетекші БАҚ-тың, телеарналардың және акция іс-шараларын ұйымдастыру мен өткізуге зор көмек көрсеткен серіктестердің қатысуымен баспасөз конференциясы нысанында өткізу ұсынылады.

4.5. Мектеп деңгейінде басты назар дәлелсіз себептермен сабаққа бармайтын немесе сабақты жиі қалдыратын кәмелетке толмағандарды анықтау жұмысына және оларды тәрбиелеу, міндетті жалпы орта білім алу жөнінде шаралар қабылдауға аударылады.

### **V. Акцияның қатысушылары**

5.1. Барлық ниет білдірушілер, мүдделі министрліктер мен ведомстволар, **жергілікті атқарушы билік** органдары, мемлекеттік емес және үкіметтік емес ұйымдар, кәсіпорындар шаруашылық ететін субъектілер, жеке тұлғалар, меценаттар, еріктілер және т.б. акцияның қатысушылары бола алады.

5.3. Көрнекті қоғам қайраткерлерінің, спорттық, мәдени, ғылыми қоғамдастықтардың, эстрада, теледидар, радио, кино, спорт, өнер (суретшілер, композиторлар, ақындар, жазушылар, т.б.) жастар қозғалысы мен мәдениет

(балалар мен жастар қозғалысының көшбасшылары, ди-джейлер, музыкалық топтар, рэп-командалар) жұлдыздарының қатысуы міндетті.

## **VI. Білім беру органдары мен ұйымдарында акцияны өткізу жөніндегі басқару және әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру (акция өткізудің мазмұны мен нысандары)**

### **6.1. Акция мынадай нысандар мен әдістерді пайдалана отырып, мектеп деңгейінде өткізіледі:**

1) акцияның ұйымдастыру комитетінің құрамын бекіту, акцияны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу мен қабылдау;

2) оқушылардың өзін-өзі басқару акцияларын даярлауға және өткізуге балалар ұйымдарының көшбасшылары мен қатысушыларын белсенді тарту;

3) пәтерлер (үйлер) бойынша тексерісті және мектепке бекітілген микроучаскелер шегінде 0 ден 18 жас аралығындағы балаларды есепке алуды ұйымдастыру мен өткізу;

4) дәлелсіз себептермен сабаққа бармайтын немесе сабақты жиі қалдыратын балаларды анықтау және есепке алу;

5) білім алушыларды есепке алу және олардың қозғалысы жөніндегі тиісті құжатты жүргізу және оқуды тоқтатқан немесе оқудан жалтарған балалар туралы білім беруді басқару және кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық комиссияны уақытылы хабардар ету;

6) мектепке балаларды жинау бойынша көмекті қажет ететін аз қамтамасыз етілген отбасыларын анықтау және есепке алу;

7) акцияны ұйымдастыру комитетіне, білім беру органдарына мектепке балаларды жинау бойынша көмекті қажет ететін балалар мен отбасылар туралы мәліметтерді беру;

8) баланы мектепке қабылдау мәселелері бойынша ата-аналарға кеңес беру үшін ақпараттық алаңды ұйымдастыру;

9) балаларды тасымалдаудың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін технологиялар бойынша балаларды мектепке дейін және үйіне апарып-әкелуді ұйымдастыру, оның ішінде жол полициясының органдарымен және көлікті беретін ұйымдармен бірлесіп:

- кәсіби сенімді автобус жүргізушісімен қамтамасыз ету;

-жүргізушіні рейс алдында медициналық тексеруден өткізуді ұйымдастыру;

-автобустың техникалық ақаусыз жағдайын қамтамасыз ету, оларды пайдалану кезінде **істен шығуын** және бұзылғандығын ескерту;

-линиялық, жол ғимараттары мен қауіпті учаскелер көрсетілген бағыттардың сызбаларын әзірлеу.

10) акцияның барысы мен қорытындыларын нақты түсіндірумен қоса логотиптер мен плакаттар серияларын (осы ұсынымдамаларға қоса беріліп отырған) пайдалана отырып «Мектепке жол» ақпараттық стендін дайындау;

11) шығармашылық конкурстарды («Мектепке ең үздік жол» тақырыбына арналған үздік шығармаларға, суреттерге, өлеңдерге) өткізу;

12) ұйымдарда, кәсіпорындарда, мемлекеттік мекемелерде, бұқаралық ақпарат құралдарында аз қамтамасыз етілген оқушыларға көмек көрсету үшін әлеуетті қайырымдылық көрсетушілер мен меценаттарды іздеу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

13) акцияға қамқорлық көрсетушілер мен меценаттарды анықтау және тарту үшін ұйымдарда, кәсіпорындарда, мемлекеттік ұйымдарда «мектепке жол» плакаттар серияларын басып шығаруды және жапсыруды ұйымдастыру;

14) Индикаторлар мен нысандар ұсынымдарына қоса беріліп отырған акциялардың **нәтижелігі** мен тиімділігінің мониторингін қамтамасыз ету. Кемшіліктердің талдауымен және таңдап алынған сабақтармен қоса педагогикалық кеңесте акциялардың қорытындыларын арнайы талқылау;

15) 1 қыркүйекте салтанатты жиынның шеңберінде акцияның белсенді қатысушыларының жүріп өтуі.

## **6.2 Аудандық, қалалық, облыстық, Астана, Алматы қалалары білім басқармаларының деңгейіндегі акциялардың іс-шаралары**

1) облыстың, Астана, Алматы қалалары әкімінің «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру және өткізу, акцияны ұйымдастыру комитетінің бекітуі туралы шешімін дайындау;

2) акцияны ұйымдастыру комитетінің Акцияны ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеуі және қабылдауы;

3) акцияны ұйымдастыру комитетінің отырысын ұйымдастыру. Отырыстың барысын және нәтижелерін міндетті түрде хаттамамен ресімдеу;

4) ұйымдастыру комитетінің бастапқы және қорытынды баспасөз конференцияларын және акцияға қолдау көрсеткен облысқа, қалаға танымал адамдардың қатысуымен ток-шоу ұйымдастыру;

5) мектепті «тастап кету» мен мектепке сабаққа бармаудың алдын алу шаралары туралы халықты ақпараттандыруға арналған ақпараттық-насихаттық алаңдар ұйымдастыру (ақпараттық шатыр: еріктілерді, балалар мен жастар қозғалысын тарта отырып, мектепке қабылдау мәселелері бойынша халықты ақпараттандыру; мамандардың кеңесі, парақшалар, плакаттар, буклеттер тарату);

6) қаланың алаңдары мен басты көшелеріне акцияның логотипі мен жедел желі телефондарының нөмірлері бейнеленген баннерлер ілу, ұйымдар мен мекемелерге, автобус аялдамаларына, базарларға, сауда орталықтарына плакаттар жабыстыру (логотиптер мен плакаттардың жазба және электрондық нұсқалары осы ұсынымдарға қоса беріліп отыр).

7) акцияның өту барысы туралы ақпаратты БАҚ-та жариялау (“жүгіртпе жол”, акцияның өту барысы туралы сюжеттерді жергілікті телеарналардан көрсету, “Мектепке жол” акциясының арнайы басылымын жергілікті танымал газеттерде, кейбір жарияланымдарын БАҚ-та жариялау, сенім

телефондарының, жедел желі телефондарының нөмірлері жазылған хабарландыруларды көпшілік жиналатын орындарға ілу);

8) білім беру қызметкерлерінің тымыз кеңесі шеңберінде жалпыға бірдей білім беру ісімен айналысатын мамандарға арналған семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру. Әлеуметтік қызметкерлерге, психологтарға, сынып жетекешілеріне, ата-аналар комитетінің өкілдеріне, еріктілерге арнап “Мектепке жол” секциясын ұйымдастыру, онда шеберлік сыныптарын, дөңгелек үстелдер, сабақтан қалу және оқығысы келмеу сияқты әртүрлі мәселелер жөнінде тұсаукесерлер өткізу;

9) акция бағдарламасының, өткен жылы өткізілген акция қорытындысының тұсаукесері, тамыз педагогикалық оқуларының отырыстарында балаларға көмек көрсетуге қомақты үлес қосқан ұйымдарды, кәсіпорындарды, компанияларды, азаматтарды естелік наградалармен марапаттау;

10) акцияның басында және соңында акцияның орталық алаңын ұйымдастыру, онда облыстар, Астана, Алматы қалалары, аудан әкімдері, ұйымдар мен кәсіпорындардың басшылары, ауданның (қаланың) шығармашылық ұжымдары, эстрада жұлдыздары, мәдени, спорттық қоғамдастықтар, қоғамдық бірлестіктер, барлық деңгейдегі билік және басқару органдары, әлеуметтік белсенді бизнес өкілдерінің қатысуымен насихаттау іс-шараларын өткізу (“Балаларды мектепке жинауға көмектес”, “Оқушыға мектепке барар жолды табуға көмектес”, “Барлық балалар мектепте оқуға тиіс”, “Мен мектепті таңдаймын” атты және т.б. қайырымдылық көрсетушілер немесе меценаттар фестивалі);

11) орталық алаң шеңберінде ақпараттық, спорттық, интеллектуалдық, бос уақыт өткізу алаңдарын ұйымдастыру (диджей мектебі; супер-дискотека; граффити-класс; “Менің мектебім”, “Біз мектепке барамыз” тақырыптарындағы шығармашылық жұмыстардың көрмесі; өнер мектебінің, жас модельерлер, стилистер орталығының мектеп формасының жаңа үлгілері бойынша жұмыстарын көпшілік назарына ұсыну).

12) орталық алаң шеңберінде аз қамтылған балалар мен жасөспірімдерді мектепке жинаумен байланысты қаржы проблемаларын шешуге бағытталған қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру (аз қамтылған отбасыларға және аз қамтылған балаларға беру үшін мектеп басшыларына сыйлықтар жиынтығын немесе киім, аяқ-киім, оқулықтар және т.б. мектеп құрал-жабдықтарын алуға арналған сертификаттар табыстау).

13) оқушыларды мектепке жинауға көмектесу үшін мемлекеттік мекемелерді нақты аз қамтылған оқушыларға бекіту (Қостанай, Оңтүстік Қазақстан облыстары әкімдіктерінің тәжірибесі бойынша: ұйымдардың басшыларына хат дайындау, оларға бала туралы мәліметтер беру, осы мекемелерде акцияның плакаттарын ілу, мемлекеттік органдар басшыларының акцияның негізгі алаңына қатысып, бекітілген балаларға, отбасыларға түрлі сыйлықтар тапсыруы).

14) құқық қорғау органдары қызметкерлерімен бірлесіп, базарларды, саяжай шаруашылықтарын, вокзалдарды, көңіл көтеретін орындарды аралап, оқумен қамтылмаған немесе түнгі уақытта ересектердің қарауынсыз үйінен тыс жерлерде жүрген балаларды анықтау мақсатында рейдтік іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу. Акция барысында рейд аптасына 1 рет өткізіледі, барлығы 7 рейд.

15) еріктілер жұмысын ұйымдастыру (кәтер тобымен жұмыс істеу үшін еріктілерді даярлау және т.б.). Мысалы, мектепке орналасуға мұқтаж панасыз, қадағалаусыз қалған балаларды анықтауға арналған рейдтерге тарту, плакаттар ілу, парақшалар тарату және т.б.

16) акция туралы мемлекеттік және орыс тілдерінде бес минуттық фильмдер, бір минуттық жарнамалық роликтер түсіруді және көрсетуді ұйымдастыру.

17) білім басқармасының сайтында акцияның логотипімен арнайы “Мектепке жол” айдарын ашып, апта сайын өңірдегі акцияның нәтижелерінен хабардар етіп отыру. Сайт айдарында акцияның өтуі және ол туралы халықтың ақпараттануы бойынша дауыс беруге, сауал жүргізуге және форум ұйымдастыруға мүмкіндік беретін on-line қызметін құру.

### **6.3. Акцияның қорытынды-талдау кезеңінің іс-шаралары:**

1) қорытынды-талдау кезеңінде іс-шаралардың нәтижелігі мен тиімділігін, олардың акция мақсаттарына, міндеттеріне сәйкестігін анықтау үшін және баланың білім алу құқығын қорғау ісіндегі білім беру органдарының жағымды имиджін қалыптастыру мақсатында әлеуметтік зерттеулер, қатысушыларға сауалдар қою, сауалнамалар жүргізу ұсынылады;

2) акцияның өткізілуін қорытындылау үшін ұйымдастыру комитетінің отырысы өтеді, онда Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуына, ұйымдастыру комитетінің әр мүшесінің акция іс-шараларын іске асыруға қосқан нақты үлесіне талдау жасалады;

3) акция қорытындысын ескере отырып, БАҚ өкілдерінің қатысуымен баспасөз конференциясы өткізіледі.

4) қоса беріліп отырған өлшемдер мен нысандарға сәйкес акцияның өткізілуі туралы толық есеп дайындалып, ағымдағы жылғы 10 қазанға дейін Қазақстан Республикасы Балалардың құқықтарын қорғау комитетіне ұсынылады.





ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Балалардың құқықтарын қорғау комитеті

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКИЯСЫ  
МЕКТЕПКЕ  
ЖОЛ**

Балаларға ақаласыңыз бен  
кәмқорлығыңызға сыйлаңыз. Дағдарыс  
балалардың өздеріне көмекке түсірмейді тіпес.  
Сіздің көмегіңізбен мұқтаж отбасылардың  
балаларын мектепке дайындау оларға түсетін  
біз Сіздің балаларға қол ұшын созып,  
олармен жүрек жылуын  
бөлісе алатыныңызға сенеміз.

**Сізді «Мектепке жол»  
қайырымдылық акциясының  
қатысушысы болуға шақырамыз**

Қосымша ақпаратты  
+717172174-20-49, +717172174-25-28  
телефоны арқылы алуыңызға болады

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Балалардың құқықтарын қорғау комитеті

**Сізді «Мектепке жол»  
акциясының қатысушысы  
болуға шақырамыз**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКИЯСЫ  
МЕКТЕПКЕ  
ЖОЛ**

Медициналық жағынан  
қарама-қарсы көрсеткіші  
жоқ әрбір бала алты  
жасқа толған соң, мектепке  
білім алуы тиіс. Алайда, мектепке  
бармайтын балалар да бар.  
Егер Сізге мектепті тастап кеткен,  
оқымайтын, тіпесін, шаңсыз қалған,  
жұмысқа сыйлаған балалар туралы  
мәліметтер болса, +717172174-25-28  
сөнім телефонына хабарлауыңызды  
сұраймыз. Барлық балалардың  
мектепке барар жолды  
табуына көмектесейік!

**«Мектепке жол» акциясы туралы  
қосымша ақпаратты +717172174-20-49  
телефоны арқылы алуыңызға болады**

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Балалардың құқықтарын қорғау комитеті

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКИЯСЫ  
МЕКТЕПКЕ  
ЖОЛ**

Елімізде аз қамтылған отбасынан шыққан  
он мыңдаған оқушы бар. Оларда мектепке  
дайындауға көмектесейік. Әдетте, осы  
жылы мектепке баруға мүмкіндігі  
жоқ ата-анасының қамқорлығынсыз  
қалған балаларға, кеңбалады отбасынан  
шыққан балаларға қол ұшын берейік.

**Сізді «Мектепке жол» қайырымдылық  
акциясының қатысушысы  
болуға шақырамыз**

Қосымша ақпаратты  
+717172174-20-49, +717172174-25-28  
телефоны арқылы алуыңызға болады





ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, «Министрліктер Үйі»  
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

010000, город Астана, «Дом Министерств»  
тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

2009 жылғы 21 шілде 4-12-2/1380

№

Облыстардың, Астана және Алматы  
қалаларының білім басқармалары  
Балалардың құқықтарын қорғау  
департаменттері

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Мемлекет басшысының мектеп оқушыларының сабаққа қатысуын толық қамтамасыз ету туралы тапсырмасын орындау бойынша «Мектепке жол» республикалық акциясын (бұдан әрі - акция) екінші жылы өткізеді. Акция еліміздің барлық өңірлерінде 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында өтеді.

Акцияның мақсаты — жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету және баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу.

Өткен жылы акция іс-шараларына 405 млн. теңгеге жуық сомада түрлі көмек алған жүз мыңнан астам аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан балалар қатысты.

Осы жылы акцияның негізгі мақсаты - Қостанай, Оңтүстік Қазақстан облыстарындағы мектепке балаларды тәжірибесі бойынша жинауға көмектесетін балалардың оқумен қамтылмауын, мектепке себепсіз келмеуін алдын алу, аз қамтылған отбасыларға және балаларға қамқоршылардың бекітілуін анықтауды жоспарлауда. Сонымен бірге акцияның негізгі міндеттерінің бірі - барлық балалардың міндетті орта білім алу құқықтарымен қамтамасыз ету бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен тарту.

Акцияның пиар-компаниясын ұйымдастыру үшін ұсынымдамалар, логотип жобалары, плакаттар және акция парақшалары дайындалды. Жариялауға берілген материалдардың электронды нұсқасы [www.bala-kkk.kz](http://www.bala-kkk.kz) сайтының «Мектепке жол» айдарына енгізілді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, акцияны ұйымдастыру және өткізу бойынша, оның ішінде ұсынымдамалар, логотип үлгілерін, акция плакаттары мен парақшаларын әрбір мектепке жеткізуге қатысты тиісті жұмыстардың жүргізілуін сұраймыз. Сондай-ақ облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның төрағалары болып табылатын әкімдердің орынбасарлары халықты ақпараттандыру үшін акцияның басталуы мен қорытындысы бойынша баспасөз-конференцияларын ұйымдастыруын сұраймыз.

Жұмыстың жүргізілуі туралы ақпаратты ұсынылған нұсқаларға қосымша бойынша 2009 жылғы 10 қазанға дейін білім басқармаларына жолдау қажет.

Қосымша: кітапшалар, акция туралы плакаттар.

Вице-министр

К. Шәмшидинова

## **«Мектепке жол» республикалық акциясын ұйымдастыруға және өткізуге қатысушылардың ұсынылатын функциялары**

### **1. Білім басқармасының немесе органының өкілі (білім беру жүйесін басқарушылар – бас мамандар)**

- Мұқтаж балаларға әлеуметтік көмек және қолдау көрсету саласындағы заңнамалық-нормативтік және концептуалдық құжаттарды айқындайды.
- Әкімдіктің акцияны ұйымдастыру және өткізу, ұйымдастыру комитеті мен акцияның іс-шаралар жоспарын бекіту туралы шешімінің жобасын дайындайды.
- Мұқтаж білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету мәселелері бойынша стратегиялық, концептуалдық, бағдарламалық-нұсқаулық, өкімгерлік құжаттар түрінде төменгі білім беру органдары мен ұйымдарына командалық ақпарат беруді жүзеге асырады.
- Ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына қайырымдылық қызметті жоспарлауға, ұйымдастыруға және өткізуге ықпал етеді.
- Басқаруындағы аумақтағы қайырымдылық қызметінің барысына жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады, нәтижесін болжайды және оларға қол жеткізудің тәсілдерін айқындайды.
- Әлеуметтік қорғалмаған отбасыларға көрсетілетін қайырымдылық көмектің сапасына мониторинг жүргізеді.
- Ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарынан қайырымдылық қызмет туралы ақпарат жинауды және өңдеуді қамтамасыз етеді және жоғары тұрған білім басқармасы органына есеп құжаттамасын уақытылы ұсынады.

### **2. Білім беру мекемесінің басшысы (мектеп директоры)**

- «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыруға және өткізуге жалпы басшылық жасайды.
- «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын нормативтік-құқықтық алып жүруді айқындайды.
- Мұқтаж балаларға материалдық көмек көрсету үшін мәслихаттармен, әкімдіктің құрылымдық бөлімшелерімен, жеке кәсіпкерлермен ынтымақтастықты ұйымдастырады.
- Әлеуметтік қорғалмаған отбасыға әлеуметтік көмек алуға арналған құжаттарды ресімдеуге құқық қорғау жүйесінің қызметкерлерімен бірлесіп заңды көмек көрсетеді.
- Әлеуметтік қорғау бөлімімен бірлесіп, жұмыссыз ата-аналарды жұмысқа орналастыруға көмек көрсетеді, оларды жұмысшыларды оқыту және қайта оқыту орталықтарындағы ақысыз курстарға белгілейді.

- Әлеуметтік қорғалмаған отбасылардан шыққан балалар үшін тегін ыстық тамақ ұйымдастырады.
- Мұқтаж балаларға материалдық көмек көрсету үшін бөлінген бюджет қаражаттарының пайдаланылуын қамтамасыз етеді.
- Қайырымдылық акциясының барысына және білім бөліміне «Мектепке жол» акциясының қорытындылары туралы есеп құжаттамасының уақытылы ұсынылуына бақылау жасауды жүзеге асырады.

### **3. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**

- Жалпы басшылықты және «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі бақылау-диагностикалық қызметті жүзеге асырады.
- Әлеуметтік қорғалмаған балаларға демеушілік қаражаттардың:
  - мәслихат қаражаттары - әлеуметтік қорғалмаған отбасылардан шыққан балаларға;
  - әкімдіктердің құрылымдық бөлімшелерінің қаражаттары – жетім балаларға, қорғаншылықтағы және қамқоршылықтағы балаларға;
  - құқық қорғау жүйесі, денсаулық сақтау мекемелерінің қаражаттары – аз қамтамасыз етілген және тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға;
  - жеке кәсіпкерлердің қаражаттары – тұрмысы қолайсыз және аз қамтамасыз етілген отбасылардың балаларына бөлінуін қамтамасыз етеді.
- Мұқтаж балаларға қайырымдылық көмек көрсету бойынша білім беру мекемелерінің сынып ұжымының қызметін бағалайды.
- Қайырымдылық акциясы туралы көрнекі үгіт-насихаттарды (плакаттар, парақшалар, буклеттер) ресімдеуге көмек көрсетеді және ықпал етеді.
- Мониторингтік қызметті жүзеге асырады, білім бөліміне «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының қорытындылары туралы есеп құжаттамасын уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

### **4. Әлеуметтік педагог**

- Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес әлеуметтік көмекке мұқтаж балалар санатының деректер банкін айқындайды.
- Мектептің әлеуметтік-педагогикалық паспортын ресімдейді.
- Әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасылардың тұрмыстық жағдайын тексереді.
- Қоғамдық ұйымдармен балаларға қайырымдылық көмек көрсету мәселелері бойынша өзара әрекет етуді жүзеге асырады.
- Мұқтаж балалар үшін киім, аяқ киім, мектеп керек-жарақтарын, тамақ өнімдерін қабылдау жұмыстарын ұйымдастырады.
- Мұқтаж балаларға ыстық тамақ пен тегін оқулықты қоса алғанда, түрлі материалдық көмек алуға ықпал етеді.

- «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының барысы және қорытындылары туралы көрнекі үгіт-насихаттардың нысанын айқындайды және **басып шығаруды** жүзеге асырады.
- «Мектепке жол» акциясының барысы және қорытындылары туралы бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтастықты жүзеге асырады.
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына «Мектепке жол» акциясының қорытындылары туралы есеп құжаттамасын уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді.

## **2.5. Сынып жетекшісі**

- Сыныптағы материалдық көмекке мұқтаж әлеуметтік қорғалмаған балалардың санаттарын анықтайды.
- Сыныптың әлеуметтік-педагогикалық паспортын ресімдейді.
- Әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасылардың тұрмыс жағдайын тексереді.
- Ата-аналар жұртшылығының «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына қатысуын қамтамасыз етеді.
- Сыныптағы әрбір білім алушының тегін ыстық тамақ пен оқулықтарды қоса алғанда, әлеуметтік көмек алуына ықпал етеді.
- Әлеуметтік педагогке «Мектепке жол» акциясы туралы есеп құжаттамасының уақытылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

## **Заңды және жеке тұлғалар**

- Мектеп әкімшілігіне «Мектепке жол» қайырымдылық акциясын ұйымдастыруға және өткізуге белсенді көмек көрсетеді.
- Мектептің әлеуметтік педагогымен және психологымен бірлесіп, әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасылардың тұрмыс жағдайын тексеруге көмек көрсетеді.
- Халық, түрлі меншік нысанындағы ұйымдар арасында «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының идеяларын насихаттауды қамтамасыз етеді.
- Білік органдарымен және әлеуметтік институттармен балаларға қайырымдылық көмек көрсету мәселелері бойынша өзара әрекет етуді жүзеге асырады.

4-қосымша

## **«Мектепке жол» республикалық акциясының тиімділігін бағалау индикаторлары**

- Әлеуметтік қорғалмаған білім алушыларды қаржылық және материалдық көмекпен қамтудың үлесі

- Аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан білім алушыларды қаржылық және материалдық көмекпен қамтудың үлесі
- Тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан білім алушыларды қаржылық және материалдық көмекпен қамтудың үлесі
- Акцияларға белсенді қатысушы балалардың үлесі
- Заңды тұлғалардың қайырымдылық акцияларға қатысу үлесі
- Ата-аналардың қайырымдылық акцияларға қатысу үлесі
- Педагогтердің қайырымдылық акцияларға қатысу үлесі
- Бюджет қаражаты есебінен көрсетілген көмектің үлесі
- Демеушілік қаражат есебінен көрсетілген көмектің үлесі
- Ата-аналар қаражаты есебінен көрсетілген көмектің үлесі
- Мұғалімдер қаражаты есебінен көрсетілген көмектің үлесі
- БАҚ-тағы акция туралы жарияланымдардың, хабарлардың, жаңалықтардың, баспасөз конференцияларының саны
- Акция шеңберінде өткізілген ауқымды іс-шаралардың саны
- Мемлекеттік органдардың акцияға қатысу үлесі
- Акцияның шығарылған және жапсырылған плакаттарының саны
- Акцияның ілінген банерлерінің саны
- Шеф-мемлекеттік органдарға бекітілген және мектепке жинау кезінде көмек алған аз қамтамасыз етілген оқушылардың үлесі
- Аз қамтамасыз етілген оқушыларды шефке алатын мемлекеттік органдардың үлесі

5-қосымша

### «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы қорытындыларының мониторингі

№ р/с	Индикаторлар	Объектілердің немесе субъектілердің жалпы саны	Іс-шараға қатысушы объектілердің немесе субъектілердің жалпы саны	Үлесті %-ға есептеу Д бағанындағы санды С бағанындағы санға бөлу және 100-ге көбейту
А	В	С	Д	Е
1	Аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан балаларды қаржылық және материалдық көмекпен қамтудың үлесі			
2	Тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан білім			



	алушыларды қаржылық және материалдық көмекпен қамтудың үлесі			
3	Акцияларға белсенді қатысушы балалардың үлесі			
4	Заңды тұлғалардың қайырымдылық акцияларға қатысу үлесі			
5	Ата-аналардың қайырымдылық акцияларға қатысу үлесі			
6	Педагогтердің қайырымдылық акцияларға қатысу үлесі			
7	Бюджет қаражаты есебінен көрсетілген көмек үлесі			
8	Демеушілік қаражат есебінен көрсетілген көмек үлесі			
9	БАҚ-тағы акция туралы жарияланымдардың, хабарлардың, жаңалықтардың, баспасөз конференцияларының саны			
10	Мемлекеттік органдардың акцияға қатысу үлесі			
11	Акцияның шығарылған және жапсырылған плакаттарының саны			
12	Акцияның ілінген банерлерінің саны			
13	Акцияның таратылған үнпарақтарының саны			
14	Акция барысында анықталған сабаққа келмеген балалардың саны			
15	Акция барысында анықталған (сабаққа келмеген) мектеп партасына отырғызылған балалардың саны			
16	Шеф-мемлекеттік органдарға бекітілген және мектепке жинау кезінде көмек алған аз қамтамасыз етілген оқушылардың үлесі			

6-қосымша

## МЕКТЕП ӘКІМШІЛІГІНЕ КӨМЕК

### «Мектепке жол» акциясын өткізу туралы аудандар мен қалалар әкімдіктерінің білім бөлімінің бастықтарына

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің 2009 жылғы 28 мамырдағы №12-2-02/2066 хатына сәйкес ағымдағы жылғы 15 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясы өткізіледі.

Акция шеңберінде аз қамтамасыз етілген және әлеуметтік қорғалмаған отбасылардың балаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған балалардың санаттарына жаңа оқу жылына дайындалуға көмек көрсетіледі.

Қайырымдылық акциясында демеушілік қаражаттар кеңінен пайдаланылады, осыған байланысты ұйымдарда, кәсіпорындарда, мемлекеттік мекемелерде, бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет.

Акция барысында білім беру ұйымдарының өкілдері құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен бірлесіп оқумен қамтылмаған немесе түнгі уақытта ересектерсіз үйден тыс жерлерде болатын балаларды анықтау мақсатында базарлар, саяжайлық шаруашылықтар, вокзалдар, көңіл көтеретін орындар бойынша рейдтік іс-шаралар өткізіледі.

Рейд кезеңділігі аптасына 1 рет, барлығы 7 рейд (1,2-қосымшалар).

«Мектепке жол» акциясының қорытындылары туралы ағымдағы жылғы 5 қазанға дейін Білім басқармасына мәтін және кесте түрінде ақпаратты ұсыну қажет.

Мәтіндік есепте демеушілер мен оларға көрсетілген көмектің мөлшері туралы мәлімет, кесте түріндегі ақпаратта жалпы **сома** және материалдық көмек алған балалардың саны (3-қосымша) көрсетілуі тиіс.

Қосымша: 3 бет.

**Бастық**

**Г. Шек**

7-қосымша

### «Мектепке жол» акциясының барысында анықталған және сабаққа келмейтін балалардың тізімі

№ р/р	Баланың Т.А.Ә	Күні, айы, жылы	Мектептің толық атауы	Келмеу себебі	Қайтып келгені туралы белгі қою	Жасалған жұмыс туралы белгі қою

**Бастық**  
Орындаушы, телефоны

8-қосымша

**«Мектепке жол» акциясының барысында жүргізілген рейдтердің қорытындылары бойынша жиынтық есеп**

(ауданның, қаланың, облыстың атауы)

№	Жүргізілген рейдтердің атауы/ күні			Қорытындылары
<b>1</b>	<b>Рейдтік іс-шаралар жүзеге асырылды</b>			
	Оның ішінде барылғандар:			
1.1	саяжайлар мен саяжайлық шаруашылықтар			
1.2.	шаруалар мен фермерлердің алқабы			
1.3.	базарлар			
1.4.	тұрмысы қолайсыз отбасылар			
1.5.	үйлердің <b>жертөлілері</b>			
1.6.	теміржолдар мен автовокзалдар			
1.7.	көңіл көтеретін орындар			
1.8	компьютерлік салондар			
1.9.	шағын аудандар			
1.10.	хабарлар бойынша, оның ішінде сенім телефонына келген анонимдік қоңыраулар			
<b>2.</b>	<b>Анықталған кәмелетке толмағандар, барлығы</b>			
	оның ішінде:			
2.1.	тұрмысы қолайсыз отбасылардан			
2.2.	тұрмысы қолайсыз отбасылардан			
2.3.	оқушылар			
2.4.	мектепке бармағандарына бір жылдан астам болғандар			
	олардың мектепке қайтарылғандары			
2.5.	мектепке бармағандарына бір жыл болғандар			
	олардың мектепке қайтарылғандары:			
2.6.	мектепке бармағандарына жарты жыл болғандар			
	олардың мектепке қайтарылғандары:			
2.7.	мектепке бармағандарына 10 күннен 1 айға дейінгілер			
	олардың мектепке			

	қайтарылғандары:			
2.8.	жұмыс істейтіндер			
2.9.	жұмыс істемейтіндер			
2.10.	КІБ-де есепте тұрғандар			
2.11.	мас күйінде болғандар			
2.12.	есірткі шеккен күйінде болғандар			
<b>3.</b>	<b>Барлық қатысқан тұлғалар (акцияның қатысушылары)</b>			
3.1.	КІБ-нің қызметкерлері			
3.2.	білім беру органдарының өкілдері			
3.3.	балалардың құқықтарын қорғау органдарының өкілдері			
3.4.	қоғамдық бірлестіктердің өкілдері			
3.5.	денсаулық сақтау органдарының өкілдері			
3.6.	жастар және балалар ұйымдарының өкілдері			
3.7.	ата-аналар жұртшылығы			
3.9.	кәмелетке толмағандардың және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның өкілдері			
<b>4.</b>	<b>Балалар еңбегін пайдалану фактілері анықталды</b>			
4.1.	базарлардағы сауда			
4.2.	ас-үйлік жұмысшылар, даяшылар			
4.3.	машина жуушылар			
<b>5.</b>	<b>оның ішінде пайдаланудың ең нашар нысандары</b>			
5.1.	қайыршылық			
5.2.	жезөкшелік			
5.3.	алқаптарда, фермерлік шаруашылықтарда, еркінен тыс еңбек ету			

**Бастық** Орындаушы, телефон

9-қосымша

### «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының қорытындылары туралы

№ р/р	Мектептердің атауы	Материалдық көмек алған балалардың саны	Оның ішінде (адам)		Көрсетілген көмектің жалпы сомасы	оның ішінде (мың т.т.)	
			бюджет қаражаттары есебінен	бюджеттен тыс қаражат есебінен		бюджет қаражаттары	бюджеттен тыс қаражаттар
1.							
2.							
	<b>Барлығы</b>						

**Бастық**

**Әлеуметтік педагогке көмек****Баланы балалар үйіне жіберу үшін қажетті құжаттар**

1. Білім беру ұйымдарына жіберу туралы жергілікті атқарушы органдардың шешімі
2. Туу туралы куәлік
3. Білімі туралы құжат (мектеп жасындағы балалар үшін)
4. Баланың өмір сүру жағдайын тексеру актісі
5. Ата-аналары немесе оларды алмастырушылар туралы мәлімет (ата-анасының қайтыс болғандығы туралы куәліктің көшірмесі, соттың шешімі, ата-анасының науқасы немесе іздеу салуы туралы анықтама, ата-анасының немесе олардың өз балаларын тәрбиелеу мүмкіндігінің жоқтығын растайтын басқа да құжаттар)
6. Ағаларының, апаларының және басқа да жақын туыстарының барлығы және тұратын жері туралы анықтама
7. Ата-анасы қайтыс болғаннан кейін қалған мүліктердің тізімдемесі, оның сақталуына жауап беретін тұлғалар туралы мәліметтер
8. Кәмелетке толмағандарға тұрғын үй алаңын бекітіп бергені туралы құжат
9. Зейнетақы, жәрдемақы алатындардың зейнетақылық кітапшасы, алименттерді (балаға ата-ананың немесе оны алмастыратын тұлғалардың алиментті алу кезінде) өндіріп алу туралы сот шешімінің көшірмесі
10. Оқушының жеке іс парағы
11. СТН
12. ӘЖК
13. Тіркелімі және отбасы туралы анықтама
14. Сынып жетекшісінің мінездемесі
15. Тексеру актісі (балалар құқықтарын қорғау жөніндегі инспектор)
16. Ата-ана құқығынан айырғандығы жөніндегі соттың шешімі
17. Медициналық тексеру:
  - Ф-12 нақты көшірмесі (амбулаториялық карта)
  - невропатологтың, хирургтың ЛОР-дың, окулистің, дерматологтың фтизиатрдың (анықтама) тексерісі, флюорография түсірілімі (өзімен бірге).Эпидемиологиялық тазалығы туралы анықтама 3 күнге жарамды.

**Ата-ана құқығынан айыру үшін қажетті құжаттар**

1. Ата-анасы құжаттарының көшірмелері (жеке куәлік, қайтыс болғандығы туралы куәлік, туу туралы куәлік).
2. Туу туралы куәліктің көшірмесі.
3. Отбасы туралы анықтама.



4. Отбасының тұрмыстық жағдайын тексеру актісі.
5. Баянхаттар, қызметтік жазбалар, сынып жетекшілерінің, мұғалімдердің, көршілердің басқа да балалар ата-аналарының түсініктемелері.
6. Өз балаларына қарым-қатынас жасауда ата-ана құқығынан айыруы туралы ескертілгендері жөніндегі олардың өтініштері.
7. Полицияның учаскелік инспекторының отбасы туралы мінездемесі.
8. КИИ полициясы инспекторының отбасы мен бала туралы мінедемесі.
9. Ата-ананың жұмыс істейтін орнынан мінездеме.
10. Мектеп атынан балаға және ата-анасына мінездеме.
12. Отбасына көрсетілген материалдық және қаржылық көмектер, жасалған жұмыстар туралы ақпарат.
13. Қорғаншылық және қамқоршылық органдарының қорытындысы

11-қосымша

## **Сынып жетекшілеріне, психологтарға, әлеуметтік қызметкерлерге, мектеп полиция инспекторларына берілетін ата-аналармен және «тәуекел тобы» отбасылармен жұмыс істеу жөніндегі ұсынымдамалар**

### **1. Отбасылық ұрыс-керістерді болдырмау және шешу.**

Кез келген отбасында ұрыс-керіс болады, сондықтан туындаған отбасылық қиындықтарды, міндеттер мен проблемаларды бір-бірінің абыройын түсірмей-ақ шешудің оңтайлы тәсілін таба білу керек.

#### **Ұрыс-керісті тоқтатудың қарапайым тәсілдері:**

- Мәжбүрлеу – ұрыс-керісті бастаушыға ғана қолайлы шешімдерді ерікті таңу. Келеңсіз салдарлар: отбасы мүшелерінің құқықтары тапталады, олардың бір-бірінің алдында абыройлары түседі, сыртқы қолайлыққа қол жеткізіледі, ал шындығында кез келген сәтте дағдарыс орнауы мүмкін.
- Тайталас – қатысушылар бір-бірінің ұстанымдарын қабылдамайды, жағымсыз қатынас туындайды.
- Туындаған қарама-қайшылықтарды шешуден қашу – ұрыс-керіс тоқтап, шешімі кейінге қала береді.
- Ұрыс-керістің басылуы – шиеленісті шешіп, дұрыс қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді, бірақ үнемі олай бола бермейді.
- Тоқтамға келу – екі жаққа да қолайлы, әділ шешімді іздеу.
- Серігі туралы көбірек білу – серігінің жақсы қасиеттерін ғана емес, сонымен бірге оның проблемалары мен әлсіз тұстарын да түсіну.
- Серігін тыңдау – мұқият тыңдай білу адамдармен жақсы байланысты қамтамасыз етеді және сөйлей білуге қарағанда көбінесе құнды болып келеді.

- Серігін қызықтыратын тақырыпта әңгіме қозғау – әңгіме барысында сөйлеушінің тыңдаушы сөзін ғана емес, ойын ұғып отырғандай сезінуі.
- Сынмен қиянат жасамау – егер біз сынап бастасақ, бізге де солай жауап қайтарылады. Адамды сынап отырып, қандай-да бір жақсы жақтарын атап өту.
- Бұйыра сөйлеуден абай болу керек – **сұрақ немесе көмек сұрау туралы өтініш нысанында бұйыра сөйлеуді жеңілдетуге болады.**
- Өз қателіктерін түсіну – егер өз қателіктерін түсініп, жояр болса, онда ұрыс-керістің болуы мүмкін емес.
- **Мақтаудың астарында не жатқанын есте сақтау – сөйлеу барысында серігінді аздап дәріптеп отыру.**
- Серігінің жағдайына ену – серігінің жағдайы мен уайымын түсінуге тырысу, ол шыдамдылық танытып, ұрыс-керіс болмау үшін дұрыс жол табады.
- Ұрыспау – ұрысу әділетсіздік пен шиеленісті үдете түспесе, туындаған проблеманы шешпейді.
- Күлімсіреу – жылы жүзбен жымыю ұрыс-керістің болмауына әсер етеді. Көңіл-күй тез **беріледі. Жайдары ашық жүзді, кішіпейіл болу келесі адамның ашуын басып, жайдары қарым-қатынасты қалыптастырады.**

## 2. Оқушылардың ата-аналарымен өзара әрекет жасаудағы педагогикалық этика ережелерін пысықтау

- Ата-аналардың жеке мүдделерін, олардың мектеп пен ата-аналар жиналысына келу мүмкіндіктерін ескеріңіз.
- Ата-аналармен әңгімені қолайлы жағдайда жүргізіңіз. **Ата-аналардың назарын өзіңізге аударта біліңіз.**
- Ата-аналармен аты және әкесінің аты бойынша қатынас жасаңыз.
- Ашушандық танытпай, **әңгімелесе отырып**, тыңдап, ұға біліңіз.
- Ата-аналар сезімі мен ойына тіл тигізбей, әрбір баладан жақсы қасиеттер таба біліңіз.
- Бала мен ата-ананы барлығының көзінше мақтап, проблемалары туралы жеке айтыңыз.
- Ата-аналармен күнделік немесе жазбаша хат арқылы қарым-қатынас дұрыс, ықшамды және нақты болуы тиіс.

12-қосымша

### Әлеуметтік қорғалмаған отбасыға көмек көрсету үшін қажетті құжаттар

№	Құжаттар	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
1.	Өтініш				
2.	ЖБИ Тексеру актісі				



3. Ата-аналарының жұмыс орны: \_\_\_\_\_

4. Тұрмыстық жағдайлары: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

белгіленді.

Комиссия шешімі: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Қолдары: \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.

\_\_\_\_\_ Т.А.Ә.

\_\_\_\_\_ Т.А.Ә.

**Отбасылардың тұрмыстық жағдайын тексерудің және көршілерден сұрау жүргізудің актісі**

\_\_\_\_\_

аты-жөні, әкесінің аты

Отбасылардың тұрмыстық жағдайына тексеру және көршілерден сұрау жүргізілді

\_\_\_\_\_

(көршілердің аты-жөні, әкесінің аты)

Тексеру барысында мыналар белгіленді:

Отбасы \_\_\_\_\_

(Отбасы мүшелерінің аты-жөні, әкесінің аты, жасы)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

Қолдары: \_\_\_\_\_ Т.А.Ә.  
\_\_\_\_\_ Т.А.Ә.  
\_\_\_\_\_ Т.А.Ә.

### **Отбасылардың тұрмыстық жағдайларын тексеру актісі**

200\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Мен, балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық инспектор,

\_\_\_\_\_ мекен-жайы бойынша тұратын отбасының тұрмыстық жағдайын тексердім.

Тексеру барысында отбасы \_\_\_\_\_ адамнан (отбасының барлық мүшелерінің туылу деректері) тұратындығы анықталды:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_
6. \_\_\_\_\_

Отбасы \_\_\_\_\_



пәтерде тұрады.

Әңгімелесу барысында \_\_\_\_\_

анықталды.

Кәмелетке толмағандар \_\_\_\_\_

Отбасында \_\_\_\_\_

деп санаймын.


«№ 6 ОМ» директоры

\_\_\_\_\_ Т.А.Ә.

Қоғамдық инспектор

\_\_\_\_\_ Т.А.Ә.

**«Мектепке жол» қайырымдылық акциясын өткізу жұмысының жүйесі**  
(Акцияны өткізу мерзімі тамыз-қыркүйек)



**Қостанай облысында 2008 жылғы тамызда өткізілген  
«Мектепке жол» акциясының қорытындылары**

(«Немқұрайды қарамау» - «Қостанайские новости» газетінен мақала)

Кулакова Мария әжесі Надежда Трофимовнамен және Қостанай облысы әкімі аппаратының кәсіподақ ұйымы өкілдерімен бірге мектепке ең қажетті затты сатып алу үшін «Мектеп базарына» барды. Марияны әжесі жалғыз тәрбиелейді.

Марияның қуанышында шек болмады – жаңа туфли, мектеп рюкзағын өлшеп киіп көрді, жаңа дәптерлер, қарындаштар қарады.

Облыс әкімі аппаратының А. Е. Щеголев басшылық ететін кәсіподақ ұйымының мүшелері Марияға алдағы уақытта да үнемі көмек көрсетіп тұруға сөз берді. Көмек әртүрлі болып келеді, ол тек материалдық көмекпен шектелмейді.

Балаға жылы сөз, пайдалы кеңес бере отырып «Мектепке жол» арқылы өмір жолына бағыт беріп те көмек көрсетуге болады.

Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасының ұжымы мен басшылығы көп жылдан бері мектепке бару үшін Баклажук Владиславқа көмек береді. 2007 және 2008 жылдың өзінде Владиславты мектепке дайындау үшін 40 000-нан астам сомда көмек көрсетілді.

Қазіргі уақытта Владиславты әжесі – қамқоршысы Полина Федоровна Баклажук тәрбиелеуде.

**Қостанай облысы әкімдігінің қаржы басқармасының бастығы  
С.Т. Айтмұхамбетова Владиславты жаңа 2008-2009 оқу жылының  
басталуымен құттықтауда**

**Қостанай облысында өткізілген «Мектепке жол» атты жыл сайынғы  
акцияның жалпы қорытындылары**

- 2001-2002 оқу жылында – 5 000 000 сомасына 2 558 оқушы
- 2002-2003 оқу жылында – 12 000 000 сомасына 4 524 оқушы
- 2003-2004 оқу жылында – 12 600 000 сомасына 6 682 оқушы
- 2004-2005 оқу жылында – 13 000 000 сомасына 6 868 оқушы
- 2005-2006 оқу жылында – 12 730 000 сомасына 6 686 оқушы
- 2006-2007 оқу жылында – 25 767 088 сомасына 9 463 оқушы
- 2007-2008 оқу жылында – 30 000 000 сомасына 10 000 оқушы
- 2008-2009 оқу жылында – 34 183 793 сомасына 13 002 оқушы

**БАРЛЫҒЫ: 145 280 881 теңге сомасына 59 783 оқушы**

**2008 жылғы 15 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында “Мектепке жол” акциясының өткізілуі туралы ақпарат**

2008 жылы “Мектепке жол” республикалық акциясы (бұдан әрі – акция 15 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында өтті және жаңа оқу жылына дайындық кезінде аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсетуге және әлеуметтік себептерге байланысты балалардың мектепке бармауының алдын алуға бағытталды.

Білім беру ұйымдарының және балалардың құқықтарын қорғау департаменттерінің деректері бойынша 2008 жылғы 15 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында барлығы 29 501 рейдтік іс-шаралар жүзеге асырылған. Оның ішінде саяжайлар мен саяжай шаруашылықтары бойынша – 900, шаруашылық алқаптары бойынша – 1 260, базарлар – 1 979, тұрмысы қолайсыз отбасылар – 12 604, үй жертөлелері – 3028, компьютерлік салондар – 1298, көңіл көтеретін орындар – 2191, вокзалдар – 1 183, шағын аудандар – 4944, хабарлар, оның ішінде телефонға түскен анонимді хабарлар бойынша – 114. Онда барлығы **22 244 кәмелетке толмаған бала анықталды**, оның ішінде тұрмысы қолайсыз отбасылардан – **10 085**, тұрмысы жақсы отбасылардан – **2 024**, оқушылар – **3618**, бір жылдан астам уақыт бойы оқымағаны – **27**, бір жылға дейін – **49**, жарты жылға дейін оқымағаны – **15**, 10 күннен 1 айға дейін оқымағаны – **357**, жұмыс істейтіні – **475**, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлімде тіркеуде тұрғаны – **5 154**, алкогольді ішімдік ішіп мас болған күйінде ұсталғаны – **288**, есірткі шеккен күйінде – **5**.

Акция іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге барлығы 48 649 ересек адам қатыстырылды, оның ішінде білім беру ұйымдары мен балалардың құқықтарын қорғау департаменттерінің өкілдері – 28 462, қоғамдық бірлестіктер – 2 169, денсаулық сақтау – 1 844, ПО қызметкерлері – 3 465, жастар мен балалар ұйымдарының өкілдері – 3 640, ата-аналар қоғамы – 9 099. Ең көп рейдтік іс-шаралар Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында өткізілді.

Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстарында және Астана қаласында акция аясында бала еңбегін пайдалану бойынша 104 факті анықталды, оның ішінде бала еңбегінің ең нашар түрлері бойынша – 14, базардағы саудада – 29, алқаптарда, фермерлік шаруашылықтарда еріксіз еңбек – 20, жезөкшелік – 2, қайыршылық – 20, ас үй қызметі, даяшы, көлік жуу – 19 бала.

Ақмола облысында “Қамқорлық – Забота” акциясы барысында мектептерде аз қамтылған отбасылардан шыққан 266 балаға жалпы сомасы 241 мың теңгеге материалдық көмек көрсетілді. Көмек заттар жинау пункттерінен көрсетілді, мектеп керек-жарағы демеушілік көмек, жәрмеңке өткізу есебінен алынды. Акция шеңберінде аз қамтылған отбасылардан шыққан 198 мектеп оқушысына 110 мың теңге сомасында материалдық

көмек көрсетілді. Көрсетілген демеушілік көмектің жалпы сомасы **21 млн.** теңгеге жуық.

Акцияның барлық кезеңінде Шығыс Қазақстан облысында аз қамтылған отбасылардан шыққан **17 200 бала** қамтылды, көрсетілген демеушілік көмектің жалпы сомасы **шамамен 18 млн.** теңгені құрайды. Акцияға 13 мыңнан астам ересек адамдар қатысты, олардың арасында кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім қызметкерлері бар.

**Атырау облысында** акциямен 10 мыңнан астам оқушы қамтылып, жалпы сомасы **43 млн. теңгеге жуық** көмек алды.

Қарағанды облысында «Мейірімділік туының астында» атты қайырымдылық акциясы болып өтті. Акция кезінде аз қамтылған отбасылардың, қамқоршылықтағы, көпбалалы отбасылардың балалары, сондай-ақ жетім балалар мен өмірде қиын жағдайға тап болған 400-ден аса бала қамтылды. Осылайша, «Мейірімділік туының астында» акциясының демеушілік көмегі 1 млн.-нан астам теңгені құрады.

“Арселор Миттал Теміртау” АҚ қатысуымен акцияны өткізу барысында “Ақыл-ой кем балаларға арналған Қарағанды интернат үйі” ММ-нің жылыту проблемалары шешілді.

**Қарағанды облысы** бойынша тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына көрсетілген көмектің жалпы сомасы 20 399 балаға 29 млн.-нан астам теңгені құрайды.

**Қызылорда облысында** білім беру меценаттары – “ҚОР” мұнай компаниясының бас директоры М.С. Нұрпейісов және “Транс Азия Контракшн” ЖШС бас директоры С.К. Атаниязов 52 оқушыға оқу құрал-жабдықтары салынған рюкзактар мен қажетті киімдерді табыс етті. Осындай рюкзактарды Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекция қызметкерлері мен “Кар-тел” ЖШС балаларға сыйға тартты. Акция барысында аз қамтылған отбасылардан шыққан 3 мыңнан астам балаға жалпы сомасы **11 млн.** теңгенің үстінде көмек көрсетілді.

**Павлодар облысында** **тәуекел** тобындағы 247 бала, оқу жылының басынан бері мектепке бармаған 11 бала анықталып, 6 бала КУОБО-ға орналастырылды, екі бала туберкулезге қарсы санаторийге жатқызылды.

Облыс бойынша белсенділік танытып жүрген барлығы 169 меценат тарапынан жалпы сомасы **14 млн.** теңгеге көмек көрсетілді.

**Қостана облысында** акциямен аз қамтылған отбасылардан шыққан 5 мыңға жуық бала қамтылып, оларға **21 млн.** теңге көлемінде көмек көрсетілді.

Рейд жүргізу барысында балалар мен жасөспірімдер жиналатын жерлерді, кәмелетке толмаған балалардың пәтерлеріне бару кезінде ата-аналар тарапынан балаларын мектепке жіберуге құлықсыздық танытудың 6 фактісі кездесті.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері аталған ата-аналарға қатысты материалдарды әкімшілік шара қолдану үшін сотқа жіберді.

**Оңтүстік Қазақстан облысында** акция барысында “Қамқорлық” марафоны өтті. Нәтижесінде **9 мыңнан** астам балаға **147 млн.** теңге

көлемінде көмек көрсетілді. “Сыздықбеков және К” шаруа қожалығының **300 мың** теңге көлеміндегі демеушілік көмегінің арқасында аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылардың жаңа оқу жылына дайындығы ұйымдастырылды.

Жалпы республика бойынша акция барысында еліміздегі **93 812** балаға жалпы сомасы **405 млн. теңгеге** көмек көрсетілді. Акцияның қорытындысы бірқатар өңірлерде мұқтаж оқушыларға салтанатты түрде сыйлықтар табыс етілген облыстық іс-шара түрінде жинақталды.

Акцияның өткізілуі туралы ақпарат облыстық және өңірлік БАҚ-та жарияланды. Облыс және бірқатар аудан орталықтарында көпшілік орындарда банерлер орнатылды. Республикалық, облыстық теле және радиоарналардағы жаңалықтар хабарында акция іс-шаралары туралы арнаулы шығарылымдар берілді. Бірқатар жергілікті телеарналарда облыстық, Астана және Алматы қалалық балалардың құқықтарын қорғау департаменттерінің “жедел желі” телефондарының нөмірлерін көрсетіліп, акцияның өткізілетіні туралы хабарланды.

Акцияны өткізудің қортындылары Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында қаралды.

**Қазақстан Республикасы**  
**Білім және ғылым министрігі**  
**Балалардың құқықтарын қорғау комитеті**